

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ӘОЖ 338.43:631.561.2.043.5 (574)

Қолтаңба құқығында

БҰХАРБАЕВА АҚМАРАЛ ЖЕТІБАЙҚЫЗЫ

Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамытудың басым бағыттары (Қызылорда облысы күріш өндірісі шаруашылықтарының мәліметтері негізінде)

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
экономика ғылымдарының
кандидаты Наурызбаев А.Ж.

экономика ғылымдарының
докторы, профессор
Умирзаков С.Ы.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
экономика ғылымдарының
докторы, профессор
Мухаметғалиев Ф.Н.

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ЭКСПОРТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	10
1.1 Экономикалық интеграция жағдайында аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының теориялық аспектілері.....	10
1.2 Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортының экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі.....	26
1.3 Экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімі өндірісінің және оның экспорттық бағыттарының әлемдік тәжірибесін талдау.....	41
2 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ МЕН ЭКСПОРТЫН ТАЛДАУ.....	54
2.1 Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында Қазақстан аймақтарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен экспорттаудың қазіргі жағдайы	54
2.2 Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен экспортын талдау.....	67
2.3 Аймақтағы күріш өнімдерін экспорттаудың экономикалық тиімділігін бағалау.....	78
3 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ЭКСПОРТЫН ДАМУЫН ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.....	95
3.1 Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамытудың басым бағыттары.....	95
3.2 Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімдерін экспорттаудың бағыттарын оңтайландыру.....	110
3.3 Аймақтағы күріш өнімдерінің экспортын ұлғайтудың математика-экономикалық үлгісі.....	118
ҚОРЫТЫНДЫ.....	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133
ҚОСЫМШАЛАР.....	141

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ.

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы №522 Қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020».

Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жобасын қаржыландыру бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен қарыз тарту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы Заңы.

«Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы Заңы.

Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 375 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 қазандағы «Астық туралы» ҚР Заңы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ.

Экспорттық бақылау туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №300 Заңы.

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі №317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда №17320.

«Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысы.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚРЗ.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	–	Акционерлік қоғам
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
АӨК	–	Аграрлық өнеркәсіптік кешен
БАӘ	–	Біріккен Араб Әмірліктері
ӘКК	–	Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы
БҒСБК	–	Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті
БжҒМ	–	Білім және ғылым министрлігі
БҚО	–	Батыс Қазақстан облысы
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДСҰ	–	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО	–	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕО	–	Еуропалық Одақ
ҒЗИ	–	Ғылыми-зерттеу институты
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
ЖШС	–	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
кг	–	киллограмм
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚХР	–	Қытай Халық Республикасы
м ³	–	метр куб.
руб	–	рубль
РФ	–	Ресей Федерациясы
ТМД	–	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТС	–	Толық серіктестік
ҰЭМ	–	Ұлттық экономика министрлігі
ШҚО	–	Шығыс Қазақстан облысы
ц/га	–	центнер/гектар

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму мақсаттарының бірі - экспортқа бағытталған экономиканы өркендету. Әлемдік нарықтарға ауыл шаруашылығы шикізаттары мен азық-түлік өнімдерін шығарып сату экономиканың аграрлық секторының тұрақты дамуының негізін қалыптастырады және саланың нақты мүмкіндіктерін бағалауға жол ашады. «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттарының қатарында: «Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ЖІӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс», - деп нақты атап көрсетілген [1]. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы саласының қарқынды дамуы бір жағынан, мемлекеттің азық-түлікпен қамтамасыз етудегі тәуелсіздігіне қол жеткізсе, екінші жағынан, өнімдердің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, қазақстандық ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселесі күрделі сипатқа ие, өйткені қоғам дамуының қазіргі кезеңі экономикалық интеграцияның күшеюімен, салааралық байланыстардың күрделенуімен, басқарудың жаңа ұйымдық-құқықтық нысандарының құрылуымен сипатталады. Ұлттық экономика салаларының өзара ену үдерісі өндірісті басқарудың өзгеруі, интеграцияланған құрылымдардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде жаңа мәселелердің пайда болуымен қатар жүреді. Осыған байланысты өндірісті тиімді басқару агроөнеркәсіптік интеграция үдерістерін терең зерттеуді, салааралық байланыстардың күшейтілген әсерін және интеграцияланған құрылымдардың жұмыс істеу заңдылықтарын және олардың нарықтық экономиканың басқа экономикалық құрылымдарымен өзара әрекеттесуін талап етеді. Интеграцияланған құрылымдардың жұмыс істеу заңдылықтарын анықтау негізінде елдің бүкіл экономикалық жүйесін ойдағыдай басқару үшін ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу қажет. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы оған қатысушыларға елеулі экономикалық пайда әкеледі: шекарадағы кедендік бақылауды жеңілдетеді, жаңа нарықтарға шығуды болжайды, бұл тауар өндірушілерді сапалы отандық өнімді шығаруға, бәсекелестікке, демек өндірісті кеңейтуге ынталандырады. Сонымен қатар, экономикалық интеграция шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің, оның ішінде күріш экспортын дамытудың негізгі бағыттарының спецификалық ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Көптеген теориялық және практикалық мәселелер аймақтың ұйымдастырушылық-экономикалық шарттарын нақтылауды, түрлі деңгейдегі және шаруашылық жүргізудің әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарындағы кәсіпорындарда күріштің өндірісін, өткізілуін және экспортын дамытудың басымды бағыттарын терең зерттеуді қажет етеді. Жоғарыда аталған факторлардың жиынтығы экономикалық интеграция жағдайында ауылшаруашылық өндірісінің тұрақты дамуын басқарудың теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелерін шешудің

маңыздылығын анықтайды. Сондай-ақ, ортақ нарық аясында экспортты ынталандыру және дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелерінің жеткіліксіз ғылыми негіздемесі, интеграцияның әлеуетін пайдалану, оның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін стратегиялық маңыздылығы зерттеу тақырыбының өзектілігін, оның ғылыми және экономикалық маңыздылығын анықтады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Экономикалық интеграция жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамытудың бірқатар мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Экономикалық интеграцияның теориялық әдістемелік аспектілері А. Маршалл, А. Сен, Р. Кэмпбэлл, К. Макконелл, Л. Стэнли, С. Брю, А. Коухен, Р. Шмед, Х. Кельзен, Т. Шиндлер сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеулер қатарына Е.Г. Христинин, У.В. Мизеровская, А.Я. Капустин, В.А. Жбанков, С.Ю. Кашкин, В.И. Ламанский, Н.Я. Данилевский, К.Н. Леонтьев, В. Соловьев, П.П. Сувичинский, Л. Гумилев, А.Д. Косьмин, О.П. Кузнецов, Е.А. Косьмина, У.Ж. Эргешбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады.

Заманауи зерттеулердің жекелеген бағыты ретінде нақты экономикалық интеграциялық бірлестік аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту мәселелерін ғылыми талдаған В. Ерохиннің (Шанхай ынтымақтстығы ұйымы), П.Газалианнің (NAFTA бірлестігі), Р.Х.Эдеменің (ECOWAS ұйымы), М.А. Эскивиастің (ASEAN ұйымы) еңбектеріне сүйендік.

Интеграциялық үдерістердің Еуразиялық экономикалық Одаққа мүше басқа да мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешенінің жұмыс істеуіне әсерін бағалау А.И. Алтухов, М.С. Байгот, А.Н. Быкова, Ф.Н. Мухаметғалиев, С.Н. Глазьеваның зерттеулерінде баяндалған. Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы нарықтық қатынастарды дамыту отандық ғалым-экономистер К.К. Әбуов, Г.У. Акимбекова, Г.А. Калиев, Р.Ю. Куватов, А.А. Сатыбалдин, М.И. Сигарев, Ж.С. Сүндетов, С.Ы. Умирзаков, Б.С. Мырзалиев, Ғ.Е.Керімбек, А.Ж. Наурызбаевтың еңбектерінде жан-жақты талданған.

Сонымен бірге, жаһандану және интеграциялық үдерістердің жандануы жағдайында ауыл шаруашылығы саласының тұрақты даму перспективалары жеткілікті зерттелмеген. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер жалпылама сипатта ғана, экономиканың жекелеген салаларының өзара байланысы, оның ішінде күріш өндірушілердің интеграциялық бірлестік аясындағы қатынастары жеткілікті түрде талданбаған. Келешекте Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті өнім өндіруі мен оны әлемдік нарықтарға экспорттау көлемін ұлғайтуға тұрақты бағытталған модельдерін айқындау - осы бағыттағы ғылыми ізденістің қажеттілігі мен өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты - Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаудың басым бағыттарын дамытудың теориялық-әдістемелік тәсілдері мен ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

– «ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты», «экономикалық интеграция жағдайында аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты» ұғымдарының теориялық аспектілерін зерттеу және авторлық тұжырымдамасын беру;

– экономикалық интеграцияны есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының экономикалық тиімділігін бағалау құралдарын зерттеудің әдістемелік тәсілдерін қарастыру мен толықтыру негізінде авторлық әдістеме беру;

– ҚР-ның аймақтары, оның ішінде Қызылорда облысының күріш шаруашылықтары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортының қазіргі жағдайына салыстырмалы талдау жүргізу негізінде экономикалық тиімділігін бағалау;

– Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында Қызылорда аймағындағы күріш өнімін экспорттаудың мәселелерін анықтай отырып, өндірісті тиімді ұйымдастырудың жүйесі мен басым бағыттарын, күріш өнімінің экспортының үдерісін жетілдіру тетігін ұсыну;

– экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімдерінің экспортын арттырудың математикалық-экономикалық үлгісін ұсыну.

Зерттеу нысаны – Қызылорда облысының күріш өндіруші шаруашылықтары.

Зерттеу пәні – экономикалық интеграция жағдайында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту үдерісінде қалыптасатын экономикалық қатынастар жиынтығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін отандық және шетелдік ғалымдардың экономиканың ауыл шаруашылығы саласын дамыту және экономикалық интеграция аясында агроөнеркәсіптік өнімдер экспортын кеңейту жайындағы еңбектері құрады. Жұмыстың ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы және Қызылорда аймағы бойынша статистика комитетінің ресми мәліметтері, салалық әдістемелік деректер, Қызылорда аймақтары бойынша күріш шаруашылықтарының қаржылық есеп мәліметтері құрады. Зерттеу барысында экономикалық талдау, салыстыру, топтастыру, статистикалық талдау, математикалық-экономикалық үлгілеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– «экономикалық интеграция» және «ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты» ұғымдары нақтыланды және тереңдетілді, сонымен қатар «экономикалық интеграция жағдайында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты» санатының авторлық түсіндірмесі ұсынылды;

– экономикалық интеграция жағдайында аймақтың ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі әзірленді;

– ауылшаруашылық өндірісін тиімді ұйымдастырудың басым бағыттары негізінде, аймақтың күріш экспортының үдерісін жетілдіру және күріш шаруашылықтарындағы логистикалық қызметінің интеграциялауының нақты

бағыттарының тетігі ұсынылды;

– Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімінің экспортын дамытудың математикалық-экономикалық үлгісі жасалды. Үлгі негізінде аймақтағы күріш өндіру және экспорты көлемінің өсу мүмкіндігі айқындалды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

– ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін және оның экспортын дамытудың теориялық аспектілерін зерттеу негізінде «экономикалық интеграция жағдайында аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты» ұғымын түсіндірудің авторлық тұжырымы;

– еліміздің ауыл шаруашылығы саласының даму үрдістерін талдау негізінде сала өнімдерінің экспортының экономикалық тиімділігін бағалаудың жетілдірілген әдістемесі;

– Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімдерін экспорттауды тиімділігін арттырудың іс-шаралар кешені, логистикалық жүйесінің құрамы мен қызметтері, күріш экспортын дамытудың орталықтандырылған мекемесін құру арқылы ақпараттандыру, сақтандыру, тәжірибе алмасу, құқықтық реттеу тетіктері;

– Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында күріш өнімдерінің экспортын дамытудың математикалық-экономикалық үлгісі; үлгі негізінде анықталған күріш экспортының болжамды көлемі, мүмкіндіктері мен тәуекелдері.

Зерттеудің тәжірибиелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі және күріш өнімінің экспортына байланысты мәселелер қарастырылып, экономикалық интеграция жағдайында дамытудың басым бағыттары ұсынылды. Диссертацияда тұжырымдалған ұсыныстар күріш өндірісіндегі интеграциялық үдерістер мәселелерін, сондай-ақ аймақтағы ауыл шаруашылығының даму перспективаларын зерттеудің теориялық-әдістемелік базасын күшейтуге және айтарлықтай дәрежеде жаңартуға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер Қызылорда облысы күріш өндірісі шаруашылықтары үшін белгілі бір қызығушылық тудыруы мүмкін. Зерттеу нәтижелерін іске асырудағы тәжірибиелік маңыздылығы «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, «Абзал и К» толық серіктестігінде және «Жан-Арай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде енгізу туралы актілерімен расталған.

Нәтижелердің сенімділігі мен шынайылығы әдебиеттік шолу негізінде экономикалық интеграция жағдайында ауыл шаруашылығы экспортын дамыту теориясының сыни тұрғыда талданғаны, әдістемесі мен эмпирикалық зерттеу негіздемесінің дұрыс таңдалуы, экономикалық талдау тәртібінің сақталуы және іріктеу репрезентативтілігіне байланысты.

Гипотеза. Экономиканың дамуында негізгі салалардың бірі ретінде саналатын агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің еуразиялық нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің кешенді-жүйелік шараларын жүзеге асырып, аймақтың экспорттық әлеуетін арттырады.

Зерттеу нәтижелерін апробациясы және жарияланымдары. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстар мен тұжырымдар Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы мемлекеттік мекемесінің стратегиялық жоспарын жасақтауда есепке алынды. Сонымен бірге, автордың ұсынған күріш өнімдерінің экспортын дамытудың экономика-математикалық үлгісі аймақтың күріш өндіруші кәсіпорындарында өнім өткізуді жоспарлау қызметінде де қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, «Индустрия 4.0 жағдайында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы» (Алматы, 2017), «Наука в современном мире» (Москва, 2018), «Экспериментальные и теоретические исследования в современной науке» (Новосибирск, 2018), «Развитие АПК и сельских территорий в условиях модернизации» (Казань, 2018), «Prospects for the Development of Modern Science» (Seoul, 2020), «XX Сатпаевские чтения» (Павлодар 2020) баяндалып, талқыланды. Диссертациялық жұмыстың мазмұнын айқындайтын 13 ғылыми мақала жарыққа шықты. Оның ішінде, 2 мақала Scopus базасындағы рейтингілі журналдарда, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала; сонымен қатар, 6 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жарияланды.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспені, белгілеулер мен қысқартулар тізімін, 3 негізгі бөлімді, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және қосымшаларды қамтиды. Негізгі мәтін 148 бетте, 45 кесте, 20 суретте мазмұндалған, әдебиеттер тізімі 110 атаудан тұрады.